

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ «ВОСТОЧНЫЙ ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ВОСТОЧНЕНСКАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
АРКАЛЫКА» УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

110307, Арқалық қаласы, Восточный ауылы,
Совет көшесі, 6
Тел., факс: (714-30) 2-30-04
e-mail: kst.ark.vostok@mail.kz

110307, город Арқалық, село Восточное,
ул.Советская 6
Тел., факс: (714-30) 2-30-04
e-mail: kst.ark.vostok@mail.kz

БҰЙРЫҚ №118
« 1 » қыркүйек 2023 ж

**«Мектепте қамқоршылық
кеңес құрамын бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9 тармағына, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және қалалық білім бөлімінің 08.11.2017 ж № 302 бұйрығына сәйкес бұйырамын:

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте Қамқоршылық кеңес ұйымдастырылсын;
2. Қамқоршылық құрамы төмендегідей бекітілсін:

1.	Закирова Назифовна	Ленера	Восточный жалпы білім беретін мектебі директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары	Төрайымы
2.	Сакупова Молдағалиевна	Гулжан	Восточный жалпы білім беретін мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Кеңесші
3.	Попович Николаевич	Иван	«село Восточное» ЖПС басшысы	Кеңес мүшесі
4.	Рахимжанова Дуанбековна	Рыскул	Восточный жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Кеңес мүшесі
5.	Какенов Бауыржанұлы	Еркін	ПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы	Кеңес мүшесі
6.	Тайшыкова Сериковна	Мейрамкул	«Арқалық қаласының әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ Восточный ауылындағы мәдени ұйымдастырушы	Кеңес мүшесі
7.	Мендигалиева Балтабайқызы	Жамила	ЖК «Мендигалиева Ж.Б.» басшысы	Кеңес мүшесі
8.	Тайшикова Аубакировна	Гульмира	Восточный жалпы білім беретін мектебінің ата-аналар комитетінің төрайымы	Кеңес мүшесі
9.	Ильясова Айтжановна	Бахыткуль	"Арқалық қаласы Восточный ауылы әкімінің аппараты" ММ бас маманы	Кеңес мүшесі

2. Мектепте Қамқоршылық кеңесінің жұмысын өз денгейінде қамтамасыз етілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Т.Садуақасқа жүктелсін.

Мектеп директоры **Е.Сутибаев**



**Қамқоршылық кеңес қызметі отырысының
Хаттамасы № 1**

**Білім алушылардың жекелеген санаттарына
«Міндетті білім қорынан»
бөлінетін қаржыға тегін ыстық тамақ ұйымдастыру
жөніндегі комиссия отырысы**

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрық 10-қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары бойынша мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

2. Тегін ыстық тамаққа мұқтаж оқушылардың тізімін талқылап бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ: Мәселе бойынша сөз алған мектеп директоры Е.Сутибаев ҚР Үкіметінің 12.03.2012ж, № 320 қаулы негізінде «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларының» 3-тармақ, 2-тармақшасының талаптарына сәйкес және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйырығына 10-қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын таныстырып өтті. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйырығына 10-қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын көрсетілген мәртебеге сай отбасылардан шыққан **20** оқушыны бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы көзделіп отырғанын, білім беру ұйымдарында 1-4 сынып білім алушыларын тегін мектеп тағамымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы **65** оқушыны тамақтандыруға қалалық білім бөлімінен тәртіптеме келгенін айтып кеңес мүшелеріне тәртіптемені ұсынды. Жоғарыда ұсынылған №158 бұйрық 10 қосымшаны негізге ала отырып, 4 қыркүйектен бастап мектебімізде ыстық тамақтың беріле бастайтынын айтып, ата-аналардан келіп түскен өтініштерді қарап, құжаттардың мемлекеттік стандартқа сай екендігіне көз жеткізіп, мемлекеттік қызметке ұсынылатын оқушыларды анықтау керектігін айтып өтті. Құжаттардың талаптарға сай болуын қадағалау қамқоршылық кеңесіне жүктеліп отырған жауапты жұмыс екендігін ескертіп, жауапкершілікпен атқару керектігі ескерілді.

ТЫҢДАЛДЫ: Сөз алған кеңес мүшесі Г.Сакупова құжаттарды қарай келе ҚББ нан ұсынылған тәртіптемемен салыстырып, ата-аналардан келіп түскен өтініштегі балалар санында айырмашылықтар болатынын ескере келе аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың әлеуметтік жағдайларына қолдау көрсету мақсатында мемлекеттік стандартқа сай болса барлық өтініштерді қанағаттандыру керектігін ескертті.

ТЫҢДАЛДЫ: Мәселе бойынша сөз алған кеңес мүшесі Б.Ильясова қазіргі кезеңде ата-аналарға да жұмыс тауып, балаларының сабаққа баруына жағдай жасау қиынға соғып жатқанын, көптеген ата-аналардың осы кезде жұмыссыз қалып, кемесе жұмыстары қысқарып, отбасына кіретін табыстың мөлшері қысқы уақытта азайып кететін айта келе, ата-аналарға аталған құжаттарды әкелу қиындық тудырып жатқан жағдайда дер кезінде талапқа сай құжаттарды өткізе алмаған, бірақ әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылардың отбасыларына барып зерделеу жұмыстарын жүргізіп, шын мәнінде жағдайы төмен болса қамқоршылық кеңесі тарапынан ыстық тамақпен қамтылуға кеңес шешімімен ұсынуға болатындығын айтып кетті және санат бойынша білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын балалар үшін, отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру үшін кеңес мүшелері мен мектеп әкімшілігінен құралған комиссия құру керектігін, ол комиссияның мақсаты аталған оқушылардың үйлеріне барып, жағдайларын өз көздерімен көріп, танысып, тұрғын үй АКТ жасау керектігін айтып, комиссия құрамына төмендегі азаматтарды ұсынды.

1. Қамқоршылық төрағасы Л.Закирова
2. Мүшесі И.Н.Попович
3. Мектептің әлеуметтік педагогтары М.Ахметжанова, А.Сүйіндік

ТЫҢДАЛДЫ: Жарыс сөзге шығып сөз алған өзге де кеңес мүшелері еліміздің болашағы жас бүлдіршіндердің сапалы білім алуы ең бірінші әлеуметтік жағдайға байланысты екендігін, айта келе оқушылардың әлеуметтік жағдайы үшін жасалатын жұмысты бір ауыздан қолдайтындығын жеткізді.

ТЫҢДАЛДЫ: Жарыс сөзге шыққан кеңес мүшесі И.Н.Попович қамқоршылық кеңесінің мақсаты: білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелеріндегі қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады; қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды; білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді деп көрсетілген, яғни осы аталған қаражатты орынды жұмсау мақсатында, бөлінген қаржының осы мектептің аз қамтылған оқушыларына жұмсау орынды шешім екендігін айтты.

Құжаттарды қарай келе, ұсынылған құжаттардың ішінен талапқа сай және әлеуметтік жағдайы көмекті қажет ететін отбасыдан шыққан төмендегі оқушылардан құралған төмендегі тізімді ұсынды. (тізім қосымша тіркелді)
Жалпы дауыс беру бойынша кеңестің барлық мүшелері тізімдегі ұсынылған оқушылардың ата-аналарынан келіп түскен құжаттар мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сай екенін айта келе бір ауыздан тізімде көрсетілген оқушыларды ыстық тамақпен қамтуға шешім етті.

Шешім:





1. «Міндетті білім» қорынан бөлінген қаржы шығысынан төменде көрсетілген 20 аз қамтылған отбасынан шыққан 5-11 сынып оқушылары, барлық 1-4 бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен 04.09-25.05.2023 ж. аралығында қамтылсын. (тізім қосымша тіркелді)


2. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың кесте бойынша тамақтануын қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін.

3. Тізімге ұсынылған аз қамтылған отбасынан шыққан, мәртебеге ие 5-11 сынып

оқушыларының құжаттарын рәсімдеу, тізімін жасау және Ұлттық Бірыңғай Деректер Қорына тіркеу әлеуметтік педагогтар М.Ахметжанова мен А.Сүйіндікке жүктелсін.

4. Брокераждық комиссия жұмысын ұйымдастырып, бақылауға алу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Т.Садуақасқа жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес қызметінің төрайымы:  Закирова Л.Н.
Қамқоршылық кеңес қызметінің мүшесі:  Тайшикова М.С.
Қамқоршылық кеңес қызметінің мүшесі:  Попович И.Н.
Қамқоршылық кеңес қызметінің мүшесі:  Ильясова Б.А.

Қамқоршылық кеңес қызметінің хатшысы:  Сакупова Г.М.